

1-апта

Дәріс №1-2

Грамматика теориясының негіздері пәніне кіріспе

Грамматика теориясының негіздері, зерттеу нысаны

Қазақ грамматика теориясындағы жаңаша бағыт-пайымдаулар

Грамматика теориясы жеке бір тілдің грамматикалық теориясы емес жалпы тілдерге ортақ грамматикалық теорияны айтамыз. Дегенмен тілдердің грамматикалары ұқсастықтарымен қатар айырмашылықтары да бар. Грамматика гректің сөзі *grammatike* (е-нің үстінде сызықша бар) – жазба, жазу мағынасын білдіреді, *tike techne* сөзінен шыққан, мағынасы – өнер «art», сонда грамматика – жазу өнері. Грамматика - «сөздердің түрлену жүйесі мен грамматикалық мағыналарын, олардың арасындағы байланыс пен қарым-қатынастарды, сөйтіп сөздердің тұлғалану ерекшеліктерін, сөздердің бір-бірімен тіркеске түсіп, сөйлем құрау сияқты қасиеттерін қарстырады». Грамматиканы теориялық және практикалық грамматика деп бөлінеді. Практикалық грамматика – лингвистикалық құрылымдарды қолданудың практикалық ережелерін береді. Теориялық грамматика – лингвистиканың жалпы принциптері негізінде құрылымдарға және мектептер мен тәсілдемелерге талдау береді.

Грамматика теориясын оқытуда ғылымның кейіннен қосқан өзгерістері мен зерттеулерін есепке алған дұрыс. Осы орайда мынадай мәселелерде жаңаша көзқарастардың болуын атап айтамын: сөзжасам саласының жеке сала болып орнығуы грамматиканың морфология саласындағы кейбір тілдік ұғымдарға басқаша көзқараспен қарау керектігін көрсетті. Ғылым үнемі дамып отырады. Қазіргі ғылымның дамуында грамматиканы зерттеудің жаңа бағыттары қалыптасты. Олар функционалды грамматика, компьютерлік лингвистикада грамматика саласын жеке алып қарастыру т.т.

Келесі функционалды грамматика. Мағына мен қызмет, тұлға мен қызмет ұғымдары тереңдей қарастырылып, қызметті негізгі зерттеу тәсілдемесі ретінде ұстайтын зерттеушілер грамматиканың функционалды бағытын қалыптастырды.

2-апта

Дәріс №3-4

Негізгі грамматикалық ұғымдар туралы

1. Грамматикалық мағына туралы түсінік

2. Грамматикалық мағынаның түрлері

Тілдің грамматикалық құрылысын танып, оның негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтарын анықтауда оған тән басты-басты грамматикалық ұғымдарды, олардың сипатын айқындап алу қажет. Өйткені тілдің грамматикалық құрылысындағы белгілі жүйелер, заңдылықтар, атап айтқанда тілдегі сөздердің белгілі бір ортақ грамматикалық қасиеттері арқылы топ-топқа белінуі, сөйлеуде сол сөздердің бір-бірімен байланысқа түсуі, сөйлем құрап, белгілі бір қызмет атқаруы негізгі грамматикалық

ұғымдармен сипаттап ады. Олар: грамматикалық мағына, грамматикалық форма, грамматикалық категория. Бұл үшеуі бір-бірімен диалектикалық байланыста және бірлікте болып, тілдің грамматикалық құрылысын құрайды да, қалған грамматикалық құбылыстар мен жүйелер осы ұғымдардан туындайды. «Қазақ грамматикасы» оқулығында: Тілдегі әрбір сөздің нақты лексикалық мағынасымен бірге жалпы грамматикалық мағынасы да болады. Сөздің лексикалық мағынасы- нақты, ұғымдық мағына, яғни бір сөзден екінші сөзді айыратын реестрлік сөздік мағынасы болса, грамматикалық мағынасы- сөздің тым жалпы мағынасы, сол сөздің лексикалық мағынасының жалпылануы немесе оған әр түрлі тұлғалар үстелу арқылы түрленуінің нәтижесінде немесе басқа сөздермен әр алуан қарым-қатынасқа түсу салдарынан пайда болатын және сөздерді бір-бірінен бөлмей, керісінше, белгілі бір грамматикалық топтарға ортақ қасиеттер арқылы біріктіретін жалпы мағыналар болып табылады. Грамматикалық мағына сайып келгенде, сөздің лексикалық мағынасымен тікелей байланысты болады. Бірақ грамматикалық мағыналардың өзі біркелкі емес. Тікелей лексикалық мағынадан туатын да, сөздің түрлену жүйесі негізінде тұлғалануынан да пайда болатын мағыналар бар.

Грамматикалық мағына атаулыны жасалу тәсіліне, сөздің грамматикалық сипатын айқындаудағы мәніне қарай жалпы грамматикалық мағына, категориялық грамматикалық мағына және қатыстық грамматикалық мағына деп бөлуге болады. Грамматикалық мағына, ең алдымен, сөйлеу процесінде лексикалық мағынадан туындайтын, яғни лексикалық мағынаның жалпылануы арқылы сөздік ұғымның жалпылық абстрактылық сипатқа ие болуы арқылы грамматикалық мағына пайда болады. Жалпы сөйлеу процесінен тыс грамматикалық мағына болмайды. Одан әрмен сөйлеу процесінде сөздің басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсуі арқылы да, түрлі грамматикалық формалар үстелуі арқылы да, дауыс ырғағы, орын тәртібі, ішкі флексия, т.б. арқылы да грамматикалық мағына үстеле береді. Грамматикалық мағынаның түрлері оның берілу жолдарына байланысты және соған сай олардың грамматикалық немесе лексика-грамматикалық, қызметтік, т.б. сипаттары айқындалады.

3-апта

Дәріс №5-6

Грамматикалық тәсілдер

1. Грамматикалық мағынаны берудің семантикалық тәсілі
2. Грамматикалық мағынаны берудің синтетикалық тәсілі
3. Грамматикалық мағынаны берудің аналитикалық тәсілі

Ғалымдардың айтуынша, қазақ тілінің жүйесінде әбден орныққан, қалыптасқан негізгі үш тәсіл бар: 1) Синтетикалық тәсіл 2) Аналитикалық тәсіл 3) Лексика – семантикалық тәсіл.

Қосымшалы түрде синтетикалық тәсіл туынды сөз жасауда негізгі тәсілдер тобына кіреді. Синтетикалық тәсіл арқылы туынды сөз жасаудың

тілде қалыптасқан өзіндік жолы бар. Бұл тәсіл арқылы туынды сөз жасау үшін оған екі тілдік бірлік қатысуы керек: 1) Лексикалық мағыналы сөз 2) Сөзжасамдық жұрнақ. Бұл тәсіл арқылы туынды сөз жасауға қатысатын тілдік бірліктердің әрқайсысының өзінің атқаратын қызметі бар. Лексикалық бірлік туынды сөздің мағынасына арқау болады, сондықтан да туынды сөз жасауға лексикалық мағыналы сөздер қатысады; мысалы жүлдегер, ақты, ақылды. Туынды сөз жасауға қатысатын лексикалық бірліктерге қойылатын негізгі талап оның лексикалық мағынасы болуы керек. Сол лексикалық мағыналы сөз туынды сөзді жасауға негіз болады. Синтетикалық тәсілдегі екінші тұлға екінші тілдік бірлік – сөзжасамдық жұрнақ. Синтетикалық сөзжасамда жұрнақ негізгі мүше болып саналады, оның қатысынсыз синтетикалық тәсіл арқылы ешбір туынды түбір жасалмайды. Синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздер туынды түбір деп аталады. Туынды түбір сөзден сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалады, мысалы, сыр+лы >сырлы.

Аналитикалық тәсіл– тілімізде көне замандардан келе жатқан, тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Бұл тәсіл – басқа тілдердің сөзжасамында кең орын алатын кең таралған тәсіл. Сөзжасамның аналитикалық тәсілі синтетикалық тәсілден өзінің сөзжасамдық бірліктері арқылы ерекшеленеді. Егер синтетикалық тәсілде туынды сөз жасауға лексикалық бірлік пен жұрнақ қатысатын болса, аналитикалық тәсілде жұрнақ қатыспайды, тек екі, я одан да көп лексикалық бірліктер ғана сөз жасаушы тұлға қызметін атқарады. Аналитикалық тәсілде екі (я одан да көп) сөз бір-бірімен тіркесіп, жаңа лексикалық мағыналы сөз жасайды. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөз күрделі сөз деп аталады. Мысалы, ортан жілік, шекара, өнеркәсіп, аққу, темір жол, қызыл ала, алпыс бес, қара торғай т.б. Мұндағы ортан жілік - бір мүшенің аты, шекара – орынның аты, өнеркәсіп – заттың аты, шекара –заттың аты, аққу – құстың бір түрінің аты, темір жол – поез жүретін жолдың аты, қара торғай – торғайдың бір түрінің аты. Келтірілген аналитикалық тәсіл арқылы жасалған, бірақ күрделі сөздердің бәрі екі лексема арқылы жасалған, бірақ күрделі сөзде олардың әрқайсысы өзінің жеке тұрғандағы мәнін сақтамай, бір тұтас мәнге көшкен. Ол келтірілген мысалдардан анық көрінеді.

Лексика-семантикалық тәсіл. Қазақ грамматикасында лексика – семантикалық тәсілге де сипаттама беріледі. Лексика-семантикалық тәсіл, арқылы жасалған сөздердің құрамы, тұлғасы ешбір өзгеріске түспейді, өзгеріс тек сөздің мағынасында ғана болады. Сөз дыбыстық, морфемдік құрамын сақтай отырып, тілдегі бұрынғы қолданылып жүрген мағынасының үстіне жаңа мағына қосып алады, тілде жаңа мағынасында да қолданыла береді. Сөздің тек мағынасында ғана өзгеріс пайда болады. Сөздің мағынасында жаңа өзгеріс пайда болатындықтан, бұл тәсіл лексика – семантикалық тәсіл аталған.

4-апта

Дәріс №7-8

Грамматикалық тәсілдер мен ішкі жолдары

1. Грамматикалық мағынаны берудің синтетикалық тәсілі: жалғаулардың грамматикалық мағыналары

2. Грамматикалық мағынаны берудің синтетикалық тәсілі: сөз түрлендіруші жұрнақтардың (форма тудырушы қосымшалардың) грамматикалық мағыналары

Грамматиканың бір саласы ретінде морфология сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырушы және сөзді тұлғалық жағынан түрлендіруші морфемалардың сөз таптарына қатысын, сөз таптары категорияларындағы сипаты мен сөзге үстейтін грамматикалық мағыналарын қарастырады. Грамматикалық категорияларға қатысы тұрғысынан зат есімдердің көптелу, септелу, тәуелдену жүйесіндегі мағыналық ерекшеліктері көптік, септік, тәуелдік категорияларымен байланысты. Тіл ғылымында зат есімдердің қазақ тіліндегі төрт түрлі жалғауды қабылдауы жалпы грамматикалық категория мен сол категорияның бір көрсеткіші қызметінде ғана қолданылатын қосымшалардың аражігін анықтауда да қиындық келтіретіндігі белгілі. Сондықтан көптік категориясы мен көптік жалғау, септік категориясы және септік жалғауы, тәуелдік категориясы және тәуелдік жалғауы, жақ категориясы және жіктік жалғауы ұғымдарының арақатынасындағы межені анықтау зат есімдерге тән грамматикалық категория түрлерінің тілдік табиғатын нақтылауға толық негіз болады. -Ыс, -і, -с жұрнақтары тарихи тұрғыдан алғанда, олардың алғашқы бір қосымша екені белгілі. Ортақ етістің жұрнағы өз мағынасының үстіне заттық мағына білдіретін болып, тағы бір мағынасының үстіне заттық мағынаны білдірумен қатар, тағы бір мағына қосып алған. Сөйтіп, оның мағынасы кеңейген, екі сөз табының көрсеткіші дәрежесіне жеткен. Егер де оның мағынасында өзгеріс болмаса, бұрынғы мағынаның үстіне тағы бір мағына қосылып, оның семантикалық жүгі артпаса, ол тілде екі қосымша болып танылмас еді. Сөйтіп, бұл арада -ыс морфемасының мағынасының, кеңейуі арқылы зат есімнің -ыс жұрнағы қалыптасып, тілге ол жаңа қосымша ретінде қосылған. Мұның барлығы синтетикалық тәсілдің күрделеніп отырғанын көрсетеді. Белгілі ғалым А. Байтұрсынұлы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтауда маңызды рөл атқарған. Ол тәсілдерді термин жасауда пайдаланудың жарқын үлгісін көрсеткендігін оның қаламынан туындаған терминдері дәлелдейді. Мәселен, «буыншы», «бастауыш», «жалғаулық», «есімдік» тәрізді көптеген терминдері морфологиялық тәсілмен жасалған. Қосымшаларды жалғастыру арқылы жаңа сөз жасау А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов ғалымдарымыздың еңбектерінде бастау алғалы белгілі, мәселен, -у жұрнағы етістің қимыл атау формасын атайды. Мысалы: бейімдеу, оқшалау, сәулелеу, тасымалдау, үйректеу т.б. Заттық ұғым мен процесстік ұғымды ұштастырып тұратын мұндай терминдерді жасау А. Байтұрсынұлынан бастау алып, бүгінгі қазақ терминологиясындағы термин жасаудың өнімді бір үлесіне айналғанын аңғарамыз.

5-апта

Дәріс №9-10

Грамматикалық тәсілдер мен ішкі жолдары

1.Грамматикалық мағынаны берудің аналитикалық тәсілі: аналитикалық етістіктердің грамматикалық мағыналары

2.Грамматикалық мағынаны берудің аналитикалық тәсілі: шылаулардың грамматикалық мағыналары

Аналитикалық форма (грек. *analytikos* жіктелген, дараланған, латын. *forma*) – құрамы негізгі атауыш және көмекші жеке сөздерден тұратын грамматикалық форма. Осы ұғыммен байланысты лингвистикада аналитизм ұғымы қолданылады. Бұл ұғымдар бір-бірімен байланысып, бірін-бірі толықтырып отырғанымен, өзара ерекшеленеді. Аналитизм (грек. *analysis* жіктелу, ыдырау) – сөздің негізгі (лексикалық) және қосымша (грамматикалық, сөзжасамдық) мағыналарын ажыратып білдіретін, синтетизмге, яғни бір сөздің құрамындағы бірнеше морфеманы біріктіретін тіл құрылымының бір-біріне қарама-қарсы типологиялық қасиеті. Егер синтетизмде бірнеше морфема бір сөздің құрамында біріктірілсе, аналитизмде сөздің морфологиялық тұрақты құрамы мен аналитикалық құрылымдар бір-біріне қатысты болады. Мысалы, отырмын – айтып отырмын; жақсырақ – өте жақсы, тым жақсы, т.б. Ұқсастығы: екі жағдайда да етістіктің шақ категориясы мен сапалық сын есімнің шырай категориясы жасалып тұр. Ерекшелігі: осы категориялардың жасалу жолдарында, отырмын, жақсырақ – синтетикалық формалар; айтып отырмын, өте жақсы, тым жақсы – аналитикалық формалар. Аналитикалық форманың құрамы -ып дәнекер қосымша мен отыр көмекші етістіктен, өте, тым күшейткіш көмекшіден қалыптасқан аналитикалық форманттардан тұрады. Бұл тұста аналитикалық форманың сөз таптарында бірдей жолмен берілмейтіндігі де назар аударады. Етістіктерде негізгі сөз бен көмекші сөздің тіркесуі арқылы берілсе, сапалық сын есімдерде сөздердің орын тәртібі арқылы беріледі. Соның негізінде сөздің морфологиялық құрамында грамматикалық мағынаның толық мәнді сөздер мен көмекші сөздердің тіркесуі, сөздердің орын тәртібі, интонация арқылы анықталуы аналитизм құбылысымен түсіндіріледі. Тіл білімінде сөздің аналитикалық формасы туралы теория аналитикалық тілдердің ерекшеліктерін зерттеумен байланысты пайда болып, соның негізінде аналитикалық форма ұғымы біраз уақытқа дейін тек аналитикалық тілдер тұрғысынан ғана қарастырылып келгендігі белгілі. Ал қазіргі кезде бұл құбылыстың жүйесі мен құрылымы басқа тілдерге, оның ішінде қазақ тіліне де тән екендігі нақты тілдік деректермен дәлелденген. Аналитикалық форма, кем дегенде, екі сөзден құралады. Соның негізінде толық мәнді сөз бен көмекші сөздің тіркесімі немесе форманттар арқылы аналитикалық құрылымдар қалыптасады. Олар: лексикалық, морфологиялық және синтаксистік болып бөлінеді. Лексикалық аналитикалық құрылым сөзжасамдық мағыналарды ажыратып көрсетеді: кішкене көл – көлшік, жұмысшы адам – жұмысшы. Синтаксистік аналитикалық құрылым сөйлемнің

жеке мүшелерін ажыратады: суы мол (жер) – сулы, досы жоқ (адам) – доссыз, т.б. Ал морфологиялық аналитикалық құрылымдар арқылы біртұтас сөз формалары жасалады: бара сал, бара бер, бара жатыр, т.б. Сөздің аналитикалық формасының құрамына енетін атауыш сөз өзінің грамматикалық қызметі жағынан түбір морфемаға, көмекші сөз сөз түрлендіруші әртүрлі көмекші морфемаларға барабар қызмет атқаруымен ерекшеленеді. Мысалы: келе жатыр, айта сал, барса екен, т.б. құрылымдардағы кел, айт, бар етістіктері дербес лексикалық мағыналарын сақтаса, жатыр, сал, екен етістіктері өздерінің лексикалық мағынасынан айрылып, негізгі етістікке қосымша грамматикалық мағына үстейтін форма ретінде қолданылған. Нәтижесінде етістіктің аналитикалық формасы жасалған.

6-апта

Дәріс №11-12

Грамматикалық форма туралы

1. Грамматикалық форма туралы түсінік
2. Грамматикалық форманың синтетикалық түрі
3. Грамматикалық форманың аналитикалық түрі

Грамматикалық негізгі ұғымдардың келесі бір түрі – грамматикалық форма. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» грамматикалық форма «грамматикалық мағынаның қалыпты көрінісін білдіретін тілдік белгі» ретінде сипатталады. Тілдің грамматикалық құбылыстары ұдайы даму үстінде болатындығын ескерсек, даму үдерісінде сол тілдің грамматикалық формалары бір сөзге форма тудырушы қосымшалар жалғану арқылы жасалады. Грамматикалық формалы сөздердің лексикалық мағынасын түбір сөз білдірсе, оның грамматикалық формасын форма тудырушы қосымша белгілеп, бұлардың аражігі айқын көрініп тұрады. Сөз өзіне жалғанатын әртүрлі формалардың қызметі мен сипатына байланысты морфология саласында да зерттеу нысанына алынады. Ғылыми еңбектерде грамматикалық форма ұғымын грамматикалық мағына білдіретін амал-тәсілдермен байланысты түсіндіретін көзқарастар да кездеседі. Мәселен, ғалым А. Ысқақов жалпы грамматикалық мағына білдіретін грамматикалық амалтәсілдерді грамматикалық формалар деп атайды. Сонымен қатар грамматикалық форманың грамматикалық мағынамен тығыз байланыста болатынын, грамматикалық мағынасыз грамматикалық форма, грамматикалық формасыз грамматикалық мағына болмайтындығын және тілдің грамматикалық құрылысы грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың бірлігінен қалыптасатындығын атап өтеді. Ғалым К. Аханов та «грамматикалық мағына белгілі бір грамматикалық формамен айтылады. Ал грамматикалық тәсіл грамматикалық мағынаны грамматикалық форма арқылы білдірудің жолы болып саналады» деп, грамматикалық форма ұғымын грамматикалық мағына және грамматикалық тәсілдермен тығыз

байланыста түсіндіреді. Бұл пікірлерге ортақ мәселе: грамматикалық форма мен грамматикалық мағына ұғымдары өзара тығыз байланыста, ажырамас бірлікте қарастырылады.

7-апта

Дәріс №13-14

Грамматикалық категория туралы

1.Грамматикалық категория туралы түсінік

2.Есімдердің грамматикалық категориялары

Грамматикалық категория сөз таптарымен тікелей байланысты. Бірақ олардың сөз таптарына қатысы бірдей емес. Нақтылай айтсақ, барлық сөз таптары грамматикалық категорияға ие бола алмайды. Бұл сөз таптарының морфологиялық тұрғыдан түрлену я түрленбеу қасиетімен анықталады. Сөз таптарының ішінде грамматикалық категориялар зат есім, сын есімнің сапалық түрі және етістікке ғана тән. Бұлардың ішінде грамматикалық категорияға бай сөз табы – етістік. Қазақ тіліндегі грамматикалық категориялардың мағынасы біртектес, бір-бірімен байланысты бола тұра, әртүрлі сипатымен ерекшеленеді. Мұндай сипат грамматикалық категориялардың сөз таптарының түрлену жүйесіндегі көрінісімен, қолданысымен, аясымен анықталады. Әрбір грамматикалық категория белгілі бір арнаулы грамматикалық көрсеткіштер арқылы беріледі. Сол көрсеткіштер арқылы сөз белгілі бір жүйеде грамматикалық өзгеріске түседі. Әркелкілік грамматикалық категория ұғымының бірде тек грамматикалық мағынаға ғана қатысты түсіндіріліп, енді бірде «ортақ грамматикалық сипаттағы мағынаны білдіретін сөз формаларының жүйесі» немесе «бірыңғай мағыналы грамматикалық формалар қатарының бір-біріне қарама-қайшы жүйесі» ретінде сипатталуынан көрінеді. Грамматикалық категорияға қатысты осындай тұжырымдарды саралай отырып, оның грамматикалық ұғымдар қатарындағы ерекшелігі мен тілдік табиғатын, ең алдымен, аталған ұғымның грамматикалық басқа негізгі ұғымдармен, атап айтқанда, грамматикалық мағына және грамматикалық форма ұғымдарымен тығыз байланыста анықтауға болады. Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың болуы – грамматикалық категорияның грамматикалық ұғым ретіндегі қызметін жүзеге асырудың басты шарты, негізі.

Грамматикалық категория осындай әрі өзара тектес, мәндес, ыңғайлас, әрі бір-біріне қарама-қайшы мәндегі бірнеше грамматикалық мағынада тұрып, белгілі бір грамматикалық топтағы сөздердің түрлену жүйесі ретінде ерекшеленеді. Жалпы тіл білімінде грамматикалық категориялардың бірнеше түрлері көрсетіледі. Бірақ әрбір тілде олардың қолданысы әртүрлі. Бұл қазақ тілінің морфологиялық жүйесіне де тән. Грамматикалық категорияларға қатысы тұрғысынан зат есімдердің көптелу, септелу, тәуелдену жүйесіндегі мағыналық ерекшеліктері көптік, септік, тәуелдік категорияларымен байланысты. Тіл ғылымында зат есімдердің қазақ тіліндегі төрт түрлі жалғауды қабылдауы жалпы грамматикалық категория мен сол категорияның бір көрсеткіші қызметінде ғана қолданылатын қосымшалардың аражігін

анықтауда да қиындық келтіретіндігі белгілі. Сондықтан көптік категориясы мен көптік жалғау, септік категориясы және септік жалғауы, тәуелдік категориясы және тәуелдік жалғауы, жақ категориясы және жіктік жалғауы ұғымдарының арақатынасындағы межені анықтау зат есімдерге тән грамматикалық категория түрлерінің тілдік табиғатын нақтылауға толық негіз болады.

8-апта

Дәріс №15-16

Етістіктің грамматикалық категориялары

1. Салт-сабақтылық категориясы және оның грамматикалық мағыналары

2. Етіс категориясы және оның грамматикалық мағыналары

3. Рай категориясы және оның грамматикалық мағыналары

Етістік – ең күрделі сөз табының бірі. Бұл оның лексикасемантикалық ерекшелігінен, түбір тұлғасы мен оған үстелетін грамматикалық формалары және олардың арақатынасынан, грамматикалық категорияларынан, жаңа сөз жасау жүйесінен, қолданылу аясынан, сөйлемдегі қызметінен, т.с.с. лексика грамматикалық қасиеттерінен көрінеді. Ғ. Әбуханов етістік категорияларын лексика-семантикалық және грамматикалық категория деп екіге бөліп, лексика-семантикалық категорияларға болымды етістік, болымсыз етістік, көсемше, есімше, салт етістік, сабақты етістік, етіс түрлерін, ал грамматикалық категорияларға етістіктің шақ және рай түрлерін жатқызса, А. Ысқақов етістіктің грамматикалық категорияларын етістіктің формалар жүйесі ретінде анықтап, төмендегідей бірнеше грамматикалық категорияларға бөледі: 1) етістік негізі; 2) қимыл атауы категориясы; 3) салттылық және сабақтылық категориясы; 4) етіс категориясы; 5) болымдылық және болымсыздық категориясы; 6) амалдың өту сипаты категориясы; 7) есімшелер категориясы; 8) көсемшелер категориясы; 9) рай категориясы; 10) шақ категориясы. Бұл топтастыруда етістіктің ерекше түрлері болып табылатын есімше, көсемше және қимыл атауы етістіктің грамматикалық категорияларының қатарында қарастырылады. Қазақ тілі етістіктерінің грамматикалық семантикасымен байланысты қалыптасқан категориялардың бірі – салт-сабақтылық категориясы. Грамматикалық категорияның арнайы морфема арқылы белгіленуі категориялық форма деп аталады. Салт және сабақтылық категориясының өзіне тән арнаулы қосымшасы болмаса да, субъекті мен нысанның грамматикалық қатынасы олардың ішкі семантикалық мазмұны арқылы өзгеріп отырады. Ондай мазмұн етістік негізінің түпкілікті семантика-синтаксистік қасиеті арқылы, яғни табыс септікті қалау не қаламау қабілетіне байланысты анықталады. Етістіктің лексика-грамматикалық категорияларының ішінде етіс категориясы қимылдың, іс-әрекеттің нысан мен субъекті арасындағы қатынасын түрліше білдіруімен ерекшеленеді. Етіс жұрнақтары етістік түбіріне жалғанғанда, етістік түбірінің салт-сабақтылық мәнін өзгертіп, сөйлемде субъекті мен нысанның арасындағы қатынас ауысады

9-апта

Дәріс №17-18

Сөздің морфологиялық құрамы мен тұлғасы

1. Жалаң сөздер туралы және түрлері

2. Күрделі сөздер: белгілері және түрлері

Күрделі сөздерді профессор А.Ысқақов морфология саласында зерттейді. Ғалым қазақ тіліндегі күрделі сөздерді сыртқы кескін тұрпатына қарай: біріккен, қосарланған, тіркескен (қосарлама) деп бөледі. Ғылым – «тіркескен» термин сөзді алғаш қолданушылардың бірі. Себебі зерттеуші тіркесті күрделі сөздердің табиғаты басқаларынан сыртқы тұрпаты өзгеше екенін байқаған. Әсіресе ол күрделі сындар, күрделі сандар мен күрделі етістіктерге тән қасиет. Мысалы, қызыл ала, қара сұр, он бес, қырық жеті, келіп кет, ала шық, қайтып кел, т.б. Сөз тудырудың аналитикалық тәсілі сөздерді біріктіру, қосарлану, тіркестіру арқылы көрінеді де, сөзжасам проблемасының шеңберіне еніп, оның бір тәсілі болып табылады. Яғни бұл тәсіл сөздерді біріктіру, сөздерді қосарлау, сөздерді тіркестіру жолдары арқылы іске асады. Сөйтіп барып, жаңа мағыналы сөз, жаңа ұғымның атау қажеттігі туып, тілдің сөздік құрамы дамып, оның қатары өрістей түседі, байи түседі. Бұл бір, ол - тілдік құбылыстың басты, мәнді ерекшелігі. Екіншіден, осы жолдар арқылы жасалған жаңа туындылар морфологиялық құрамы жағынан (грамматикалық сипаты) күрделі сөздер тобына жатады. Күрделі сөздердің лексика-грамматикалық сипаты жағынан әрқайсысының жасалу жолы, құрамдық-тұлғалық ерекшеліктері бар: қандай сөздер (мағыналық және тұлғалық-құрамдық, қатысты ерекшеліктеріндегі және грамматикалық топтағы) бір-бірімен бірігеді, немесе қосарланады, немесе тіркеседі т.б. Айталық, зат есіммен зат есім (белбеу - бел бау), сын есіммен зат есім (ашудас - ащы тас), есімдік пен зат есім (бүгін - бұл күн) т.б. біріксе, мағыналары бір-біріне жақын синонимдес немесе мағыналары бір-біріне қарама-қайшы антонимдес сөздер бірінғай мәнде қосарланады: аға-іні, үлкен-кіші, ыдыс-аяқ, т.б. Н. Оралбаева сөзжасамның аналитикалық тәсілі жайында тың пікірді білдірген. Ғалым өзінің «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық формасы» атты докторлық диссертациясында күрделі сөздер тобын сөзжасамның нысаны екенін дәлелдеді. Осы еңбегінде Н. Оралбаева, тіркесу жолымен жасалған сөздердің сөз тіркестерінен 4 түрлі айырмашылығын атап көрсетті: «1) сөз тіркесі кем дегенде екі сыңардан туып, соған сәйкес екі лексикалық мағынаны білдіреді; 2) күрделі сөз тіркесінің сөйлемдегі 3 жеке бір сыңары – сөз ретінде қатысады. Күрделі сөздің құрамындағы сыңарлы сөйлемдегі басқа сөздермен сөз тіркесін жасай алмайды, күрделі сөз тұтас күйінде басқа қызмет атқарады», - деген тұжырым жасайды. Тілші, сонымен, сөз тіркесінің құрамы тұрақсыз екенін дәлелдейді. Н. Оралбаева сөзжасамның аналитикалық тәсілі туралы былай

дейді «Қанша ғасыр өтсе де, тілде аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасау үзбей жалғасып кете жатуымен байланысты қазақ тілінің сөздік байлығы толығында, ол қазір қолданыс аясын кеңітіп, сөздік қордың барлық саласынан орын алды . Аналитикалық тәсіл – күрделі туынды аталып жасалудың ұстанымы емес, ұғымды бірнеше сөздердің тіркесі арқылы таңбалау, күрделі құрылымдық жүйенің дара бірлік ретінде қалыптасуы, әр түрлі мағынаны білдіретін тіркестер, бір номинативті мағына беретін тұлға ретінде жаңа қызметте жұмсалуды, сөйтіп, біртұтас тұрақты мағынаға ие болып, лексема ретінде қалыптасуы, тілдегі сөз тіркестерінің мағыналық жағынан өзгеріске түсуі, тілдің семантикалық даму заңдылығына сәйкес жүреді. Олардың күрделі сөзге айналуы – сөзжасамның нәтижесі. Мысалы, шыбынжан, қантөгіс, қанмайдан (қиян-кескі ұрыс), қансорғыш (қанаушы), қолжаулық(біреудің қолшоқпары болу), қыз ойнақ (ойын-сауық, көңілкөтеру), мойын серік(ұжым болып, бірігіп жұмыс істеу).

10-апта

Дәріс №19-20

Сөздің морфологиялық құрамы мен тұлғасы

1.Қос сөздер және олардың ішкі топтастырылуы

2.Қысқарған сөздер туралы және қысқарту жолдары

3.Біріккен сөздер мен тіркесті сөздердің арақатынасы мәселесі

Біріктіру тәсілі арқылы жасалған сөздердің жеке сыңарларының әрқайсысы өздерінің жеке тұрғандығы дыбыстық құрамын толық сақтайды: қолбасшы, оттегі, таусағыз, бақайқұт, бақталас, каракөз, қасқыртаңдай, бойтұмар, көлбақа, көрқап, көртышқан т.б. Бұл біріктіру тәсілі арқылы жасалған туынды сөздердің құрамындағы сыңарлар дыбыстық құрамын толық сақтаған, бірақ сыңарларының дербес кезіндегі мағынасы сақталмай, біртұтас лексикалық мағынаға көшкен.

Кіріктіру тәсілі арқылы жасалған сөздердің құрамындағы сыңарлар дербес қолданылғандағы дыбыстық құрамын толық сақтамай, біртұтас жымдасқан дыбыстық құрамға көшеді. Мысалы: білезік(білек+жузік), апар (алып + бар), түрегел (тұра+кел), көгала (көк + ала),кекілдірік (кекілге+ілдірік), табалдырық (табан + тұрық),күндіз (күннің + жүзі), былтыр (бір+ йылдыр), қайны (қайын + іні), желғабыз (жел + қабас), жексенбі (як + шенбе - парсының бір+күн дегенсөзі) туған-туысқан, әке-шеше, ыдыс-аяқ, азық-түлік, ине-жіп, бес-алты, ойын-той, көңіл-күй сияқты күнделік өмірде қашаннан қолданылып келе жатқан қос сөздерден бастап, сән-салтанат, алтын-күміс, ән-күй, әділет-парасат, қайғы-қасірет, бас-дәулет, билеп-төстеу, бұйрық-жарлық, өнер-білім, газет-журнал, білім-білік, ақша-нарық, дәрі-дәрмек, билік-саясат сияқты қоғамдық мәндегі қос сөздермен тіліміз толығында. Қосарлау тәсілінің тілде қалыптасқан өз заңдылығы бар. Қосарлау тәсілі арқылы қос сөз жасауда оның сыңарлары кез келген сөзден бола алмайды. Қосарлау тәсілі арқылы қос сөз жасау үшін, оның сыңрлары бір сөз табынан ғана болуы – міндетті шарт. Мысалы, бау-бақша, қызкеліншек, ата-

ене, аяқ-табақ, өнеге-үлгі, ілім-білім сияқты қос өздердің сыңарлары сын есімнен, бес-алты, он-он бес, жиырма-отыз, жүз-жүз сөздерінің сыңарлары сан есімнен; келіп-кетіп, айтып-айтпай, өліп-талып, өніп-өсіп сөздерінің сыңарлары етістіктерден жасалған. Сонымен бірге, қосарлау тәсілі арқылы жасалған қос сөздердің сыңарлары мағыналас сөздерден жиі жасалады. Мысалы, туған-туысқан, ойнап-күліп, үлгі-өнеге, сән-салтанат. Осы жағдаймен қайталама қос сөздердің жасалуы байланысты деуге болады. Мысалы, айта-айта, тау-тау, бірі-бірі, көзбе-көз, үйден-үйге т.б. С.М.Исаев, С.К.Артыгалина күрделі сөздерге қосарлау тәсілімен жасаған сөздерді жатқызып, солардың бір ерекшелігіне назар аударады: қазіргі бұқаралық ақпарат құралдардың беттерінде өзгешелігі бар композит-күрделі сөздер жиі қолданылатын. 1) Олардың бір компоненті қазақ сөзі, екіншісі – орыс сөзі: Ауыл-село, отын-энергетика, құрылыс-монтаж; 2) Күрделі сөздердің екі компоненті де шетел сөздер болуы мүмкін: физкультура – спорт, газет-журнал, колхоздар-совхоздар; 3) Композит сөздер бір тұтас жалпыланған ұғымды білдіреді. Осындай қосарланған ұғымдардың құрылымдық тұтастығы да байқалады; 4) Композит сөздердің бірінші компоненті өзгермейді, ал екіншісі өзгеріп, әртүрлі формаларда қолданылады .

11-апта

Дәріс №21-22

Морфемалар жүйесі

1.Морфема туралы түсінік және оның түрлері

2.Қосымшалар, жіктелуі.

3.Қосымшалардың мағыналық, құрылымдық ерекшеліктері

Сөздің морфологиялық құрылымы тілдегі морфема ұғымымен тығыз байланысты. Морфема және оған қатысты түбір морфема, көмекші немесе қосымша морфема ұғымдары морфологиялық негізгі ұғымдар қатарынан орын алады. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» морфема «ары қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірліктерінің бірі» ретінде түсіндіріліп, белгілі бір морфологиялық құрылым деңгейінде бір морфеманың түрлі алломорфтарында алмасып отыратын фонемалар морфемаларға жатқызылады. Морфема ұғымы қазақ тілінің грамматикаларында да түрліше сипатталады. Мәселен, «Қазіргі қазақ тілінде» (1954) сөздің мағыналы әрбір бөлшегі морфема деп анықталса, «Қазақ тілінің грамматикасында» (1967) морфема сөздің я лексикалық, я грамматикалық мағынасын білдіретін жеке бөлшегі ретінде түсіндіріледі. Бұл тұжырымдарға ортақ нәрсе: морфема сөздің мағыналық бөлшегі ретінде қарастырылады. Сөз құрамында морфема өзінің әр алуан қолданысымен, мағынасымен ерекшеленеді. Ғалым А. Ысқақов әрбір сөз өзіне тән тұлға-тұрпатының арқасында бір бүтін тұлға ретінде қызмет еткендігімен, сол тұлға-тұрпатының (құрылымы) лексикалық және грамматикалық сипаттарымен байланысы сөздердің морфологиялық құрылысы жағынан әрқилы болуына ықпал етіп, сол әрқилылық сөз құрамдарының әртүрлі

болуына байланысты болса, сөз құрамының әртүрлі болуы, оның бөлшектеріне байланысты екендігін атап көрсетеді. Ал Н. Оралбай сөздің морфологиялық құрылымын морфологияның маңызды мәселелерінің бірі ретінде қарастырып, морфеманы «сөздің ары қарай бөлшектеуге келмейтін ең кіші мағыналы бөлшегі» деп анықтайды. Сөздің морфологиялық құрылымының бір бөлшегі ретінде қолданылатын морфемалар бір-бірінен мағынасы мен қызметі жағынан ерекшеленеді. Осы ерекшеліктеріне, яғни мағынасы мен қызметіне қарай қазақ тілінің морфемалары түбір және көмекші морфема болып екіге бөлінеді. Түбір морфема сөздің ең түпкі негізгі бөлшегі ретінде құрылысы, мағынасы жағынан әрі қарай бөлшектеуге келмесе, көмекші морфемалар өз алдына жеке тұрып, ешбір мағына білдірмейді, тек түбір морфемаларға қосылып, оған әртүрлі қосымша мағына үстейді. Түбір морфема сөздің морфологиялық құрылысы мен мағынасына ұйытқы болып, негізгі морфема қызметінде қолданылады. Ғалым А. Ысқақов морфеманы «сөздің лексикалық я грамматикалық мағыналарын білдіретін бөлшектер» ретінде анықтап, оның өзіне тән мазмұны мен формасы болатындығын айтады. Сөздердің морфологиялық құрылымы жағынан әртүрлі құрамда болуы оның құрамындағы морфемалардың сипатына, қолданысы мен мағынасына байланысты. Соның ішінде негізгі морфемаға қосымша грамматикалық мағына үстейтін қосымшалар да ерекше қызметте қолданылады. Көмекші морфема мәселесі, оның ішінде сөзтүрлендіргіш қосымшалардың жіктелуі мен оның атауындағы бірізділіктің жоқтығы морфологияның өзекті мәселелерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл сөз құрамы және морфема ұғымдарымен де тікелей байланысты. Түбір морфемаға қарағанда, көмекші морфемалар өзінің қызметімен ғана емес, қолданысымен де күрделі

12-апта

Дәріс №23-24

Морфемалар жүйесі

1. Жалғаулар: жіктік, көптік, септік және тәуелдік жалғауларының грамматикалық ерекшеліктері

2. Жұрнақтар: сөз тудырушы және сөз түрлендіруші, функционалдық жұрнақтардың грамматикалық ерекшеліктері

60- жылдардың басында А. Ысқақов, К. Ахановтың жұмыстарында морфологиялық сөзжасамдық тәсіл сипатталды. Ғалымдардың пайымдауынша, жаңа сөздер түбірге аффикстердің жалғану нәтижесінде пайда болады. Аффикстер өз алдында дербестігі жоқ, тек сөз құрамына түбір морфемаға жалғанып, қолданылғанда ғана, белгілі бір мағынаға ие болатын көмекші морфемалар. Аффикстік морфемалар мағынасы мен қызметі жағынан түрлі – түрлі болып келеді. Олар екі топқа бөлінеді: Бірінші топқа сөз тудырушы морфемалар кіреді: «Дербестігі жоқ түбірден немесе дербестігін сақтаған түбір морфемадан сөз жасайтын мұндай аффикстерді сөз

тудырушы аффикс дейміз. Сөз тудырушы аффикстердің мағынасы деривациялық мағына деп аталады» - дейді. К. Аханов . Аффикстердің екінші түрі – реляциялық мағынасы бар аффикстер. Олар сөз бен сөзді байланыстырып, олардың бір – біріне қатысын білдіретін аффикстер. Көмекші морфемалар әр түрлері болады, мысалы, суффикс, инфикс, префикс, флексия (жалғау). Орыс тіліндегі суффикс деп аталатын морфема түркі тілінде жұрнақ деп аталады. Жұрнақтар өз ішінде екі топқа бөлінеді: оның бірі сөз тудырушы жұрнақтар (словообразующие суффиксы), екіншісі (форма тудырушы жұрнақтар (формообразующие суффиксы). Аффикстердің жалаң және күрделі түрлері болады: Сөздердің жалаң және күрделі болатыны сияқты, аффикстер де (жұрнақтар да) жалаң және күрделі болып келеді. Жалаң аффикс бір ғана көмекші морфемадан (аффикстен) құралады. Мысалы, жұмысшы, балықшы, өнім, білгіш, достық деген сөздердің құрамындағы –шы, -ім, -гіш, -тық аффикстерінің әрқайсысы ары қарай бөлшектеуге келмейтін біртұтас жалаң жұрнақ болса, мәселен, адамшылық, тіршілік, тыңғылықты, қызғылықты, басыңқы, түсіңкі деген сөздердің құрамындағы –шылық (-шілік) –ғылықты, -ыңқы (-іңкі), жұрнақтарының әрқайсысы – екі немесе одан көп жалаң жұрнақтардан құралған күрделі (құранды) жұрнақтар. Бұл құранды жұрнақтарды тарихи жасалуы тұрғысынан алып қарағанда, алдыңғы құранды жұрнақтың (-шылық, -шілік), -шы (- ші) және –лық (-лік), екінші құранды жұрнақтың (-ғылықты) –ғы –лық және –ты морфемаларының (жұрнақтарының) қосындысынан, ал соңғы құранды жұрнақтың (-ыңқы, - іңкі) – ың (-ің) және – қы (-кі) морфемаларының (жұрнақтарының) қосындысынан жасалғанын аңғару қиын емес. Ал тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан алып қарағанда, аталған жұрнақтар жоғарыдағыдай мүшеленіп (бөлшектеніп) жатпайды да, біртұтас аффикс – құранды жұрнақ ретінде танылады. Күрделі (біріккен) сөздердің құрамындағы сыңарлар (түбірлер, негіздер) дербестігін жойып, бір-біріне қалай кірігіп кететіні сияқты, құранды жұрнақтардың құрамындағы сыңарлар да (жалаң жұрнақтар) дербестігін сақтамай, өзара бір – біріне кірігіп (сіңісіп) кетеді. Соның нәтижесінде құранды жұрнақ біртұтас жұрнақ ретінде ұғынылады.

13-апта

Дәріс №25-26

Дәріс: Сөз таптары

- 1.Грамматикалық топтар туралы түсінік
- 2.Сөздерді топтастыру принциптері және сөз таптары
- 3.Сөз таптарының шығуы мен дамуы

Қазақ тіліндегі сөздер мағыналық (семантикалық) және морфологиялық белгілеріне қарай түрліше топтастырылады. Мұндай көзқарастар қазақ тілі грамматикалары мен А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, А. Ысқақов, Н. Оралбай, т.б. зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Мәселен, 1954 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде қазақ тіліндегі сөздерді негізгі және көмекші

сөздер деп екіге бөлсе, 1967 жылғы «Қазіргі қазақ тілі. Морфология» еңбегінде атаушы сөздер, көмекші сөздер және одағай сөздер деп үш топқа бөледі. Сондай-ақ қазақ тіл білімінің негізін салушы ұлы ғалым А. Байтұрсынов өзінің «Тіл – құрал» еңбегінде атауыш сөздер, шылау сөздер деп екіге, А. Ысқақов атаушы сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер деп үш топқа бөледі. Ғалым Н. Оралбай «сөздерді атауыш және көмекші сөздер деп топтастыруда тілдегі сөздердің жалпы ерекшеліктері ашылып, соған байланысты мағыналы топтары, сөйлемдегі ойды білдіру қызметі белгіленетіндігін» атап көрсете отырып, бұл екі топтан басқа ерекше топ – одағай сөздердің бар екендігі осы топтастырудан анықталатындығын айтады. Соның негізінде тілдегі сөз атаулыны, алдымен, атауыш сөздер, көмекші сөздер деп екі топқа бөліп, әр топтың өзіне тән белгілері мен ерекшеліктерін бөліп көрсетеді.

Сөздерді белгілі бір сөз табына топтап, таптастыру мәселесі туралы Қ. Жұбанов маңызды тұжырым жасайды. Ғалым тіліміздегі сөздердің қай-қайсысы болса да өзіндік лексика-грамматикалық сипатына қарай үнемі біркелкі болып келе бермейтінін, олардың іштей бірнеше жікке бөлініп жататынын және ол жіктердің белгілі бір тұрақты заңдылықтарға негізделіп, соның ыңғайында топтасып жататынын атап көрсетеді. Ғалымның пікірінше, топқа айырғанда мынадай үш түрлі негізге сүйенеміз: 1) лексикалық қасиеттеріне қарай; 2) морфологиялық қасиеттеріне қарай: қандай қосымша, қандай қосалқы ертетіндігіне қарай; 3) сөйлемде қай мүше болатындығына, қай орында тұратындығына қарай. Сөз таптарына жіктеудің бұл үш негізі қазақ тілі үшін ғана емес, жалпы түркі тілдері үшін де маңызды. Оның маңыздылығы: бұл негіздер күні бүгінге дейін тіл білімін зерттеушілердің өзекті қағидатына айналып отыр. Сөздер өзара ортақ лексика-грамматикалық сипаты мен белгілері арқылы сөз табы ретінде танылады. Ал сөздің лексика-грамматикалық белгілері деген ұғым белгілі бір сөзге, сөз табына тән барлық лексикалық (семантикалық), морфологиялық және синтаксистік сыр-сипаттарды толық қамтиды. Қазақ тілінде сөздерді таптастырудың белгілі бір қағидаттары (принциптері) қалыптасқан. Бірақ сөз таптарының сол қағидаттарға қатысы туралы мәселеде оларды бірде лексика-грамматикалық, бірде формалды-грамматикалық, енді бірде таза грамматикалық категория ретінде қарастыратын әртүрлі көзқарастар бар. Сөз таптарын анықтау жүйесінде морфологиялық және синтаксистік белгілердің барлық сөздерде бірдей дәрежеде болмауынан бұл үш ұстанымның бәрі біркелкі шешуші қызмет атқармайды. Соған қарамастан, сөздерді грамматикалық топтарға, яғни сөз таптарына таптастыруда семантикалық, морфологиялық және синтаксистік қағидаттардың негізге алынуы сөз таптарына қатысты жалпы заңдылық болып танылады. Ал олардың ішінен қайсысы негізгі, тірек қағидат бола алады деген жағдайда, ғалымдар, негізінен, семантикалық қағидатты негіз етіп алады. Сөздерді таптастыру қағидаттары бойынша қазақ тілінде бертінге дейін тоғыз сөз табы анықталып келсе, кейінгі грамматикада модаль сөздер де сөз табы ретінде танылып, он сөз табы көрсетіледі. Олар: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, үстеу, еліктеу сөздер, шылау,

одағай, модаль сөздер. Сөз таптарының тұрақталып айқындалуына, олардың жүйелі тәртіпке түсірілуіне өзіндік үлес қосқан ғалымдар қатарында А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, Н. Сауранбаев, А. Ысқақов, С. Исаев, т.б. ғалымдарды ерекше атауға болады.

14-апта

Дәріс №27-28

Синтаксис және сөз тіркесі

1. Синтаксистің зерттелу тарихынан

2. Сөз тіркесі және оған тән басты белгілер

3. Сөз тіркесінің құрылымы және түрлері

Сөз тіркесі қазақ тілі синтаксисінің жеке өзіндік парадигмасы ретінде бірден орныға қойған жоқ. Сөз тіркесіне қатысты құбылыстар ХХ ғасырдың басында сөйлем аясында сөз етілген екен. А. Байтұрсынұлының «Тіл-құралында» сөздердің тізбегі сөйлем болып танылу үшін сөздердің «басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп, қиындастыру» туралы ескертсе, «Әдебиет танытқышында» сөз дұрыстығы шарттарының ішінде сөз тіркесінің заңдылықтарына келетін мынадай бір екі жайтты көрсетеді: 1. Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну; 2. сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру. Қ. Жұбановтың «Қазақ тілі грамматикасындағы» сөйлемдегі «Сөз қиыны», сөйлемдегі «Сөздің тура күйі мен бұрма күйі», сөйлемдегі «Жетек сөз бен жетекші сөз» дейтін тармақтарда айтылатын заңдылықтар осы күні сөз тіркесі шегіндегі заңдылықтар ретінде қаралып жүр.

Сөз жоқ, адамзаттың ойлауы тарихи тұрғыдан қарапайымнан күрделіге қарай дамып отырған. Яғни ойлау ұғымынан басталып, сол ұғымдарды тіркестірумен жалғасады. Міне, сондықтан да сөз тіркесі – синтаксистік құрылыстың дамуы мен қалыптасуындағы бір кезең. Қазақ тілі синтаксисінің маманы Р.С. Әміров: «Синтаксис (тілдің синтаксистік құрылысы) – ойды білдірудің амалы, формасы. Бірақ сонымен бірге өзі де ойлау жұмысының, рухани ізденістің нәтижесі. Ол – әр халықтың ғасырлар бойғы үздіксіз ізденісі, жетілдіруге талпыну нәтижесінде қалыптасқан. Халықтардың тілдерін, ол тілдердің синтаксистік құрылысын салыстыру бұның құрылу, қалыптасу процесінің күрделі, қиын жолдардан өткенін байқатады. Сондықтан да біз тілді, соның ішінде оның синтаксистік құрылысын халықтың, халқымыздың мәдениетінің, мәдени табысының бір саласы деп санаймыз» – дейді. Сөз бен сөзді тіркестіру синтаксистік құрылыстың алғашқы ұясы екеніне дау айтуға болмайды. Сөз тіркесі – синтаксистік құбылыстарды қозғаушы нүкте. Мәселен, түркі тіл білімінің білгірі А.П. Поцелуевский сөз тіркестерін детерминативті, салалас, сабақтас және сөйлем деп төрт түрге бөледі. Сондай-ақ келесі бір түркітанушы Е.И. Убрятова бұдан да тереңдейді. Ол сөз тіркесін «тұтас мәнді бірлік» деп

танып, сөз тіркестерін предикативті және предикативті емес деп бөледі де, жай сөйлем түгілі құрмалас сөйлемнің өзі де сөз тіркесі болатынын айтады. В.А.Звягинцев сөз тіркесін сөздердің бірлесуі ретінде түсіну тіпті дұрыс емес, сөз тіркесі сөздердің бірлесуі арқылы түзілген де емес, сөйлемді мүшелеудің нәтижесі болғанда ғана сөз тіркесі бола алатынын айтады. Сонымен, біздің пайымдауымызша, сөз тіркесі – синтаксистің бастапқы негізгі, қозғаушы тетігі. Сөз тіркесін қазақ тіл білімінде, сондай-ақ жалпы тіл білімінде де, сөйлемнің шикізаты (материалы) ретінде түсіндіріп жүр. Дәлел үшін үлгі ретінде небәрі екі-ақ дәйек келтірейік: 1. «Сөздер өзара тіркесу арқылы сөйлем құрамына енеді. Сондықтан сөз тіркестері – сөйлемнің шоғырланған материалдары»; 2. «Сөз тіркесінің де, сөйлемнің де лексикалық-грамматикалық элементі – сөз. Оның өзгеруі, басқа сөзбен байланысып жұмсалуды сөйлемде (контексте) ғана анықталады. Синтаксистік сөз тіркесі де сөйлем арқылы белгіленеді. Бұл, жеке сөздер мен тұрақты сөз тіркестері сияқты сөйлем құраудың материалы болады». Біздің ұғуымызша, сөз тіркесі – шикізат қана, сөйлемнің материалы ғана емес, өзінің байланысу түрлері мен тәсілдері арқылы сөйлемнің ғана емес, орамды тілдің бір белгісі.

15-апта

Дәріс №29-30

Сөйлем синтаксисі

1.Сөйлем туралы ғылыми пайымдаулар

2.Сөйлем құрылымы: бүгінгі мен тарихы

Сөйлем – синтаксистік құрылыстың негізгі тірегі, басты санаты. Тілдің басты қызметі коммуникативтік қызмет болса, ол – сөйлем арқылы іске асады. Бұл қызмет сөйлемнен басталады, сөйлемге дейінгілер (дыбыс, морфема, сөз, сөз тіркесі) мұны атқара алмайды. Олар – сөйлемді құрастыруға қатысатын құралдар. Сөйлемнің тілдік элементтерден, солардың ішінде сөз тіркесінен, ең негізгі айырмашылығы коммуникативтік негізгі тұлға болатындығында. Сондықтан да сөйлемді синтаксистің басты нысаны, негізгі санаты дейміз. Сөйлемнің грамматикалық ұстыны үш тағанды болады: олар – предикативтілік, модальділік, интонация. Бұлар геометриядағы үшбұрыштың қатаңдығы сияқты бірлікте тұрса ғана, тізілген сөздер сөйлем болып шығады. Сөйлемнің мұндай құрылымдық-мазмұндық белгілері туралы бұған дейінгі түрлі еңбектерде мол және дұрыс та орынды қамтылған. Қазақ тілтанушыларының сөйлемге берген анықтамаларын қарастырайық. А.Байтұрсынұлы: «... айтушының ойын тындаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады», – деп төлтума анықтама береді. Назар аударыңыз: «айтушының айтуы», «тындаушының ұғуы» сияқты әрекеттер негізге алынған. Демек, ғұлама сөйлемнің тілдің басты қызметі коммуникативтік қызмет тұрғысынан шығып отыр, осы қызметтің тірегі сөйлем екенін айқындаған. Бірақ советтік қысымның кесірінен бұл анықтама білім өрісіне кезінде шыға алмады. Қ.Жұбанұлы: «... аяқталған ойды білдіретін бір иә бірнеше сөзді сөйлем дейміз», – деп үйретті. С.Аманжолов тілдік мысалға сүйене отырып: «... тиянақты ойды білдіру

дегеннің өзі шекті нәрсе екен... Ақынның я жазушының бүтін романы, поэмасы, баяндамашының жасаған баяндамасы түгелімен бір ойға, күрделі бір пікірге байлаулы да болады. Сол роман я поэма біткенде ғана, ақын я жазушының ойлаған ойы, айтайын деген сөзі бітеді. Міне, бұдан ойдың өрісі, ішкі көлемі кең екендігі анық көрінсе керек. Сөйтіп, сөйлем дегеніміз кейде ұзын ойдың бір бөлшегін, кейде қысқа ойдың бүтінін қармайтын сөздер тобы екен», – деген пікірге келеді . Профессор Т.Р.Қордабаев: «Сөйлем – ойды жарыққа шығарушы материалдық көрсеткіш. Бірақ сөйлем арқылы берілетін ойды аяқталған, тиянақталған ой деу онша дұрыс болмайды. Өйткені ойды аяқтау үшін бір емес, толып жатқан сөйлемдер айту керектігі тәжірибеден белгілі. Сөйлем аяқталған ойды емес, жеке ойды білдіреді. Ондай жеке ойлар логикалық жағынан аяқталмауы мүмкін. Сөйлем – жеке ойды оған тетелес басқа ойдан бөліп көрсететін коммуникативтік дербес тұлға», – деп жазды. Қазақ синтаксисінің белгілі маманы Р.Әмір «Қазақ тілінде сөйлемдердің ішіндегі ең көп жұмсалатыны екі мүшелі болып, бастауыш, баяндауыштан құралады. Бұл кездейсоқ емес. Тіл мен ой тығыз байланысты. Сөйлем пікірді хабарлаудың амалы болғандықтан құрылысы жағынан да оған ұқсамай, оны қайталамай тұра алмайды... Тілімізде атаулы сөйлем деп аталатын бір мүшелі сөйлемдер бар. Бұл сөйлемдер пікірді білдіреді және олар екімүшелі пікірге тең. Сөйлем бір мүшелі бола тұра пікірді толық баламалап хабарлап тұр. Предикат та, субъект те сөйлемнің бір мүшесі арқылы көрінеді», – деп сөйлемді логикадағы пайымдаудың көрінісі ретінде таниды. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесі – ұғымдардың тіркесі. Яғни, коммуникативтік емес бірліктер ойдың статикалық көрінісі ұғымдық деңгейде болады. Ал коммуникативтік синтаксистік бірліктерде ой үш деңгейде болады: 1) жеке ой; 2) тиянақты ой; 3) аяқталған ой. Сөйлем – мәтіндегі алғашқы коммуникативтік буын, ол мәтіндегі жеке ойды білдіреді; шумақ мәтін құрамында белгілі бір логикалық-коммуникативтік тиянақ талған буын, ол тиянақты ойды білдіреді; мәтін тұтастықта болады, оның тұтастығы философиядағы бүтін санатының тұтастығындай: бөлшектердің байланыс, қатынастарынан құралады, ол аяқталған ойды білдіреді. Сонымен, байқағанымыздай, сөйлемге анықтама беруде грамматика мен логиканы түйістіреміз. Олай болса, сөйлем табиғатын тану үшін оның аспектілерін көре білу қажет болады.